

Азаматтық мақсаттағы, соның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлар құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік аумағына әкелу туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 9 шілдедегі № 114 шешімі

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың 4 және 37-тармақтарына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

Азаматтық мақсаттағы, соның ішінде кіріктірілген не басқа тауарлар құрамына кіретін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейтік аумағына әкелу туралы ережеге (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі №30 шешіміне №15 қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 5-тармақ екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар әуе, су кемелерінің борт жабдығының құрамына енгізілген;";

б) 9-тармақтың "в") тармақшасында:

"әуе, теңіз (өзен) кемелерінің борт жабдығының құрамында, сондай-ақ" деген сөздер алыш тасталсын;

"теңіз (өзен)" деген сөздер "су" деген сөзben ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян